

«Тәртіп және құқық» №3(583) 21.01.2016ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің тәртіп сақшылары туралы «Полицейлер - бұл адамдардың құқығын және бостандығын қорғай отырып, қылмысқа қарсы күрес жүргізуде алдыңғы қатарда тұратын адамдар» деп баға берген болатын.

Қазіргі демократиялық қоғамда полиция адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда айтарлықтай маңызды рөл ойнайды, бұл ретте оған заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі өз функцияларын іске асыру үшін кең ауқымды өкілеттіктер беріледі. Полиция қызметкерлерінің заңға сыйымды әрекеттерінің сенімді негізін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары, Қазақстан заңнамасы, сондай-ақ республика ратификациялаған шарттардың Қазақстан Республикасының заңдарының алдыңғы басымдығы туралы конституциялық императивтің мәні айрықша.

Полиция қызметкерлерінің өздерінің кәсіби міндеттері мен функцияларын іске асыру тиімділігі кәсіби және техникалық біліктілік мәселесіне тәуелді деуге болады, алайда қоғам мұндай өкілеттілік деңгейін полицейлердің заңдарды

сақтауы, адамның құқықтары мен ар-намысын құрметтеу, этикалық нормаларменережелерді сақтауы көзқарасынан бағаланады. Полицияның бейбасты, заңсыз әрекеттері түрғындардың үрейін, сенімсіздігі мен жек көрушілігін тудырады. Мұндай полиция қоғамның қолдауына ие болмайды және қандай да бір қолдаудың көрсетілуіне лайықты емес.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау көзқарасынан қызмет етуі келесідей қағидаларға негізделуі тиіс:

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғаммен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;
- жүктелген міндеттерді орындау және берілген құқықтарды іске асыру кезінде Конституция мен заңдардың ұлықтылығы, Қазақстан Республикасы таныған халықаралық нормалар мен қағидалардың сақталуы;
- адамның қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл;
- жариялылық;
- адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы үшін жауапкершілік.

Дәл осы қағидалар полиция қызметкерлерінің заңға сыйымды мінез-құлқының негізі болып табылады, және оларданосындай мінез-құлыққа қатысты барлық нақты талаптар туындайды.

Полиция қызметкерлерінің заңға сыйымды мінез-құлқының ең маңызды қағидаларына Конституция мен заңды құрметтеу және осы арқылы тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жатады.

Полиция қызметкерлеріне қойылатын халықаралық этикалық қағидалар мен талаптар іргелі, ал бірқатар жағдайларда жалғыз болып табылады. Алайда, көптеген елдерде, әдетте арнайы актілер - кодекстерде қалыптастырылған,

құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің ұлттық этикалық нормалары айтарлықтай басым рөлге ие. Ұлттық-мемлекеттік нормативтік ережелердің болуы, олардың нысаны мен сипаты әрбір елдің конституциялық-құқықтық даму ерекшеліктерімен, ішкі саяси жағдаймен, салт-дәстүрлермен тығыз байланысты.

Мысал ретінде, Франция ұлттық полициясының деонтология кодексін келтіруге болады, оның кіріспесінде «ұлттық полиция елдің бүкіл аумағында республикалық институттарды қорғау және бостандықтарын кепілдендіруді, тыныштық пен қоғамдық тәртіпті қолдау және азаматтар мен мүлікті қорғауды қамтамасыз ету үшін қызмет етеді» делінген, Ресей Федерациясының ІІБ қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ар-намыс кодексі, онда, атап айтқанда полицияның әрбір қызметкері «азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, меншігін, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстылық пен өзге заңға сыйымсыз қол сұғушылықтардан қорғау үшін өзінің жеке жауапкершілігін терең сезінуі тиіс» делінген.

Ішкі істер органдарының тиімді қызметі қоғамның мақұлдауынсыз және халықпен тығыз әрекеттестіксіз мүмкін емес. Бүгінгі таңда, мұны барлық елдердің құқық қорғау органдарының ведомствола'рының басшылары түсініп отыр, ал ХІХ ғасырдың басында британ полициясы үшін сэр Роберт Пилдың нұсқаулығы әзірленген болатын, онда құқық қорғау органдарын ұйымдастырудың заманауи концепциясына ұқсас іргелі идеялары баяндалған. Атап айтқанда, бұл құжатта «әрбір полиция қызметкері қылмыскерлерді ұстаудан кем емес дәрежеде азаматтарды қорғау мен көмек керсетудің өзінің міндеті болып табылатындығын жадында ұстауы тиіс делінген». Сәйкесінше, қылмыстардың алдын алу мен қылмыскерлерді ұстауда күш ынтасын көрсете отырып, полиция қызметкері өзін қоғамның жәрдемшісі мен қорғаушысы ретінде қарастырып, барлық адамдарға қандай да бір кемсітусіз, тұрақты төзімділік пен сыпайылық танытуы тиіс. Р.Пилдың пайымдауынша, өз билігін осылайша пайдаланатындар «күшке басым кеңіл бөлетін әріптесіне қарағанда, полицей қызметін әлдеқайда жақсы орындайды, себебі ақыр соңында қандай да қарсылыққа тап болу немесе жеңілу қаупі бар.»

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Канадада жаңа әдіс-тәсілдердің ескерілуімен, полиция қызметін реформалау жөніндегі жұмыстар жүргізілген болатын. Осы мақсатта, ұзақ жылдар бойы канадалық полиция қызметінің негізгі бағыттарын анықтаған KAPPA доктринасы әзірленген болатын. Оның негізінде келесідей қағидалар жатыр:

- азаматтар полиция үшін келушілер болып табылады, яғни азаматтар тәртіп сақшыларының жұмыс сапасынан күтулері мен қажеттілік деңгейін анықтайды;
- полиция мен халық серіктестер болып табылады, яғни құқықтық тәртіптің жағдайы мен қылмыспен күрес үшін жауапкершілікті бірдей дәрежеде көтереді. Полицейді дайындау кезінде адамдарға дөрекі және зейінсіз қарым-қатынас танытудың, екілеттіктерді асыра пайдаланудың, негізсіз күш қолданудың халықпен арадағы серіктестік қатынастарға кедергі келтіретіндігін түсіндіру қажет;
- полиция жұмысының негізінде құқық бұзушылықтар профилактикасы, әділдік орнату, азаматтардың қылмыстық әрекеттерге ары қарайға араласуына жол бермеу жатуы тиіс;

- полиция қызметінің тиімділігі, ең алдымен, халықпен, содан кейін ғана үкіметпен және жоғары тұрған басшылықпен бағаланады;
- -полицейлік қызмет барысында дене жарақатын мүмкіндігінше аз келтіру жағдайында мәселені зорлық көрсетусіз шешу қажеттілігі.

Қазіргі уақытта, американ мамандары «Қоғам ішіндегі полицейлік қызмет» аталған доктрина әзірлеп шығарды, оның негізгі идеясы түрлі елдердің полиция ведомстволарымен қолданылып жүр.

Ішкі істер органдары қызметін ұйымдастырудың осы тәсілінің негізінде қазіргі уақытта бірнеше элементтер жатыр:

- қылмыстардың алдын алу;
- ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамның езекті мәселелерін шешуге қатысуы;
- полицейлік қызмет дәстүрлері мен ғұрыптарын есепке алу;
- ішкі істер органдарының қызметін қоғамдық қадағалау;
- полиция іс-қимылдарының қоғам алдындағы есептілігі.

Жоғарыда аталған қағидаларға сүйене келе полиция - азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстылық пен өзге құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған мемлекеттік органдардың бірден-бір жүйесі екенін айту керек. Қай уақытта болмасын полиция қызметкерлерінің ел алдындағы ерең еңбектері ерекше құрметке лайық. Өзге адамның өмірі үшін өз өмірін пиде ету полиция қызметінің борышы деп қабылданады. Әйтседе, қоғам өз алдына осы мамандық иелеріне сыйластықпен қараудың мәнісін ұғынуы керек. Әрбір жас ұрпақтың санасына ең алдымен полицияның Отан қорғаушы, қоғамдықтәртіп пен адам өмірінің қорғаншысы екендігін сіндіру қажет етіледі. Қазақстандық полицияның беделі ең алдымен қоғам дамуының кепілі болып табылмақ.

Қабай МАНАР,
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының тыңдаушысы